

Нұр-Мұбәрак ЕИМУ ғылыми кенесінде  
карапып, бекітіліген.  
2024 жылы 25 желтоқсан  
№ 5 хаттама



Университет ректоры,  
доктор, профессор  
Ахмед Хусейн  
Мухаммад Ибраһим

**Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті**  
**ректорының 2024 жылы бойынша**  
**ЕСЕБІ**

**I. Оқытушы-профессорлық құрамы мен контингенті:**

Университеттің оқытушы профессорлық құрамының саны – 145 (оның ішінде 131 штаттық, 14 сырттай толық емес жұмыскерлер): PhD ғылым докторы – 48, ғылым кандидаты – 20, ғылым докторы – 14 және магистр оқытушылар саны – 54.

**II. Жоғары сапалы білім беру мақсаты бойынша:**

Нұр-Мұбәрак университетіндегі оку бағдарламалары практикаға бағытталуын күшету мақсатында Исламтану білім беру бағдарламасының 18% пәндердің саны, ал Аударма ісі білім беру бағдарламасының контенті 10% жаңартылды. Оқулықтар мен оку-әдістемелік құралдар саны 10 данаға жетті. Сонымен қатар, 2024 жылы Нұр-Мұбәрак университетінің ашық онлайн курстар платформасы іске асырылды.

Осы жылы университетіміз «Шетел филологиясы» (Араб және ағылшын) білім беру бағдарламасының магистратура деңгейін ашу үшін құжаттарды тапсырып, әзірлеу жұмыстарын бастады.

2024-2025 оку жылында 829 бакалавр студенттері, 40 магистрант және 12 докторант қабылданды. 2024 жылдың желтоқсан айында Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университетінде 2315 бакалавр, 85 магистрант, 29 докторант болып жалпы 2429 білім алушы тәлім алышп отыр. Ағымдағы жылы университетен 337 түлек академиялық дәрежесін алды.

**III. Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша:**

Университет оқытушы-профессорлар құрамының ғылыммен шүғылдануға ынталандырады. Биылғы жылы университет тарапынан 10 оку құралы, 8 монография, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 32 мақала, Халықаралық ғылыми журналда (скопус) 16 мақала жарықта шықты.

2024 жылдың мамыр айында «Цифрлы қоғам жағдайындағы діни қайырымдылықтар: теориясы және практикасы» атты халықаралық семинар және «Киберкеністіктегі діни дискурс: сын-тегеуріндер мен шешімдер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

2024 қазан айында «Хусамуддин әс-Сығнақи: Алтын Ордалық ізбасарлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мен «Қазақстандағы қолжазба қорлары: сақтау және зерттеу» атты II халықаралық семинар өтті. Ал

қараша айында «Сандық кеңістіктегі ислам және діни уағыз (қазіргі Қазақстан мысалында)» атты семинар орын алды.

2024 жылдың 7 қарашасында «Сандық Кеңістіктегі Ислам және Діни Уағыз (Қазіргі Қазақстан мысалында)» атты семинар өтті

Сонымен қатар, университетімізде кітап жәрменкісі, араб және ағылшын тілдері бойынша олимпиадалар және «Араб тілі кеші» атты іс-шара ұйымдастырылды.

#### **IV. Білім беру процесін интернационаландыру және халықаралық қатынастарды дамыту мақсаты бойынша:**

Ағымдағы жылы Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті жаңа бағыттағы 5 меморандум жасалды, 2024 жылдың желтоқсан айында шетелдік университеттерімен жасалаған меморандум мен келісім-шарттардың жалпы саны 21 болды.

Сыртқы академиялық үтқырлық бағдарламасы бойынша Индонезия ислам университеті, Мармара университеті және Кастанону университетіне 12 білім алушы аумасу семестрі бойынша окуга барып қайтты, отандық академиялық үтқырлық бағдарламасы аясында Абылайхан атындағы ҚХӘТ университетіне 2 білім алушы оқуларын тәмамдап келді.

Ішкі академиялық үтқырлық бағдарламасы бойынша Нұр-Мұбәрак ЕИМУ-да Қыргыз-Түрік Манас университетінен 2 студент, Әзіrbайжан теология институтынан 2 студент, Абылайхан атындағы ҚХӘТ университетінен 2 студент, Ахмет Яссаяу ХКТ университетінен 1 студент және Гумилев атындағы ҚазҰ университетінен 1 студент оку-аумасу бағдарламасымен қабылданып, білім алғып қайтты.

#### **V. Университеттің қаржылық-шаруашылық қызметі:**


2024 жылы материалдық-техникалық базаны дамыту мақсатында 27 628 462 теңге, оның ішінде құрылых жұмыстарына – 18 615 584 теңге, Platonus дерекқор жүйесінің 1 жылдық ақпарттық қызмет көрсетуіне – 5 800 000 теңге жұмсалды.

#### **2024 жылы бойынша қаржылық-шаруашылық қызметінің итогесі**

**Кіріс - 2 334 521 202 теңге**

**Шығыс - 2 140 442 538 теңге**

## Міндетті шығындар құрылымы



1. Жалакы және салық шығындары – 58,7%
2. Қаржылық қолдау және ынталандыру – 24,35%
3. Иссапар және ғылыми тағлымдамаға кеткен докторант шығындары – 1,35%
4. Коммуналдық және байланыс шығындары – 0,29%
5. Материалдық техникалық базаға кеткен шығындар – 0,13%
6. Жөндеу жұмыстарына кеткен шығындар – 0,88%
7. Қызмет көрсету шығындары – 0,01%

## VI. Студенттерге ариалған кешенді әлеуметтік жүйені құру мақсаты бойынша:

Университет аясында 10-га жуық спорттық шара өткізілді. Атап айтқанда, ұлттық спортымыз қазақ күресін жаңғырту және физикалық мықты жастарды дамыту мақсатында «Нұр-Мұбарақ Барысы» атты күрестен турнир өтті. Соңдай-ақ, Алматы қаласындағы діни қызметкерлер мен Нұр-Мұбарақ университетіне қамқоршы компаниялар мен университет ұжымы арасында футболдан «BIRLIK CUP-2024» кубогі өткізілді. Сонымен қатар, университет студенттері арасында үстел теннисінен, жүзуден, қол күресінен, тоғызкумалақтан, волейбол, футбол және баскетбол ойындарынан жарыстар ұйымдастырылды.

Мәдени-ұлттық шаралар қатарында З маңызды іс-шара өткізілді. Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы, Асфендияров атындағы медицина университетінің музейі және Алматы қаласындағы Орталық музей университет студенттеріне таныстырылды.

Ай сайын интеллектуалды сайыстар өткізіліп, 100 хадис кітабынан және ұстаздармен ұйымдастырылған қосымша сабактар негізінде білім деңгейін анықтау мақсатында әртүрлі танымдық шаралар орындалды.

Әр жұмада университет және жатақхана студенттеріне рухани серпіліс беру мақсатында құрметті ұстаздар мен елге танымал қонақтармен уағыз-насиҳат кездесулері өткізіліп, уағыздар мінез-құлық, уақыттың пайдасы, денсаулық және әдет қалыптастыру тақырыптарына арналды.

Шәкірттермен бірге табиғи демалыс орындарында, атап айтқанда, Чарын каньоны, Көлсай, Бутаковка сарқырамасы, Аюсай және Ой-Қарағайда тимбидинг шаралары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, бір ай бойы әр апта сайын «Университет жанашыры» клубының студенттері Алматы қалалық «Алматы біздің ортақ үйіміз» челленджіне қатысып, белгіленген жерлерде қоқыс тазалауға және қар күреуге белсене атсалысты.

Университет жатақханасы 5 оку залымен, 3 кітапханамен және 1 коуоркинг бөлмесімен қамтамасыз етілді.

Корытындылай келе, 2024 жылында университеттегі Стратегиялық даму жоспарына сай жұмыстар атқарылды.

Ректор



Ахмед Хусейн Мухаммад Ибраһим